

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі бастаған Қазақстан Республикасы үкімет делегациясының 1995 жылғы наурызда АҚШ-қа сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 22 маусымдағы N 858

Қазақстан Республикасы Премьер-министрі бастаған Қазақстан Республикасы үкімет делегациясының АҚШ-қа сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру және қазақтан-американ ынтымақтастығын одан әрі дамытуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Премьер-министрі бастаған Қазақстан Республикасы үкімет делегациясының 1995 жылғы наурызда АҚШ-қа сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі шаралардың жоспары бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары, облыстардың және Алматы қаласының әкімдері шаралар жоспарында көзделген тапсырмаларды орындау жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі, "Қазақстанның теледидары және радиосы" республикалық корпорациясы, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп сапар барысында қол жеткізілген келісімдер мен

уағдаластықтарды іске асыру барысын бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттасын.

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетіне осы қаулының орындалу барысы жөнінде жылына кемінде бір рет хабарлап отырсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 22 маусымдағы
N 858 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі бастаған
Қазақстан Республикасы үкімет делегациясының
1995 жылғы наурызда АҚШ-қа сапары барысында қол
жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге
асыру жөнінде шаралардың
Жоспары

ЕСКЕРТУ. Жоспарға өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1998.03.20. N 242
қаулысымен.

P980242_

рет | Құжат атауы | Тапсырманың, шараның мазмұны
NN | |

1. Сауда, инвестициялық, Саудадағы тарифтік және тарифтік
экономикалық ынтымақтастық емес кедергілерді жою және
туралы декларация кеміту негізінде АҚШ-пен екі
жақты сауданы дамыту жөнінде
шаралар бағдарламасын әзірлеу

американ рыногына жіберілетін

тауарларға қатысты Қазақстан
экспортерлері тарапынан АҚШ-тың
демпингке қарсы заңдарының
бұзылмауы жөнінде шаралар әзірлеу

АҚШ-тың Бас преференция жүйесін

(БПЖ) Қазақстаннан жіберілген
тауарлар үшін практикалық
пайдалану жөнінде нақты шаралар
мен ұсыныстар әзірлеу

Бүкілдүниежүзілік Сауда ұйымына

(БСҰ) Қазақстанның енуі үшін
қажетті құжаттарды әзірлеу
"Қосар салық салынуын болдырмау
және табыс салықтарына қатысты
салынатын салықтардан жалтарудың
алдын алу туралы" Конвенцияны
бекіту туралы Министрлер
Кабинетінің 1993 жылдың 24
қазанында қол қойылған шешімінің
жобасымен ұсыныс енгізу

ХВҚ,ХЖДҚ-мен ынтымақтастықты

одан әрі дамыту жөнінде ұсыныстар
әзірлеу және енгізу

Ғылым және технологиялар

халықаралық орталығы шеңберінде
бірлескен ғылыми және зерттеу
жобаларына қатысу жөнінде
ұсыныстар әзірлеу

Ауылшаруашылығы өнімдерінің

саудасы, Қазақстан ауылшаруашылығы
статистикасын жетілдіру, аграрлық
рынок үшін ақпарат қызметін құру
мәселелері бойынша ұсыныстар
әзірлеу және енгізу

Инвестициялық бағдарламалар мен

жобалардың іске асырылу барысын
бұқаралық ақпарат құралдарында
насихаттау

2. Қазақстан Республикасы Үкіметі Осы келісімнің шеңберінде екіжақты мен Америка Құрама штаттары ынтымақтастықты нақты іске асыру Үкіметі арасындағы ортаны жөнінде жұмыстардың бағыттарын және табиғи ресурстарды Американ жағымен бірге пысықтау қорғау саласындағы ынтымақ.- тастық жөнінде келісім

Айналадағы ортаға және адамның
өмірдегі қызметіне зиянды
әсерлерді зерттеу және жою
жөнінде бірлескен ғылыми-техникалық
жобалар бойынша ұсыныстыр
дайындау

Айналадағы ортаның жайын және

адамның өмірдегі қызметі жағдайын
жақсарту жөнінде бірлескен
шаралар бағдарламасын әзірлеу

3. Қазақстан Республикасы "ГЛОУБ" бағдарламасы шеңберіндегі Үкіметі мен Америка Құрама қызметті күнделікті басқаруға Штаттары Үкіметі арасындағы жауапты үйлестіруші уәкілін, "ГЛОУБ" бағдарламасы Үкіметпен байланыс үшін жауапты

шеңберіндегі ынтымақтастық адамды, "ГЛОУБ" бағдарламасына
туралы келісімі қатысу үшін мектептер тізбесін
белгілеу

"ГЛОУБ" бағдарламасына қатысушы

мектептерді қаржыландыру,
сондай-ақ "ГЛОУБ" бағдарламасына
неғұрлым тиімді қатысушы үшін
Қазақстан мектептеріне америка
жағының көмек көрсетуі жөнінде
ұсыныстар енгізу

4. Бейбітшілік, қауіпсіздік БҰҰ, ЕКҚК, СВМДА және басқа
және таратпау туралы халықаралық ұйымдардың шеңберінде
қазақстан-американ бейбітшіл бастамашылығын іске
бірлескен мәлімдемесі асыру жөнінде жұмысты жандандыру

Нанн-Лугар қорының шеңберінде

Қазақстанға көмек көрсетудің
бірінші кезектегі бағдарлама.
ларының тізбесін америка жағымен
бірге белгілеу

АҚШ-пен әскери және қорғаныс

ынтымақтастығы бағдарламасын
ұлғайту жөнінде ұсыныстарды
пысықтау және енгізу

Қазақстан ядролқ объектілерге

МАГАТЭ-нің кепілдіктерінің
таратылуы жөнінде ұсыныстар
енгізу

5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқық және қылмыс.

Премьер-министрі және тылықпен күрес саласында
Америка құрама Штаттары ынтымақтастық жөнінде
Вице-президентінің Қылмысқа ұсыныстар дайындау және
қарсы күресте заңның үстемдік енгізу
құруын қолдау ынтымақтастығы
жөнінде бірлескен мәлімдемесі

6. Искерлік даму қазақстан- Искерлік даму комитеті жанындағы
американ комитетінің болашақ тұрақты және арнайы жұмыс
міндеттері жөнінде бірлескен топтарының жұмыс жоспарын
мәлімдеме американ жағымен келісу және
дайындау

Қазақстан телекоммуникациялар

және телекоммуникациялар
құрылымын дамыту саласындағы
ынтымақастық жөнінде ұсыныстар
дайындап, америка жағынан
жіберу

"САБИТ" программасы шеңберінде

ынтымақастық бойынша жоспарды
әзірлеу және америка жағымен
келісу

АҚШ-тың Сауда министрлігі

жанындағы ННГ (БИЗНИС) үшін
іскерлік ақпарат қызметімен
ынтымақастықты ұлғайту жөніндегі
шараларды америка жағымен
әзірлеу және келісу

Стандарттау және метрология

саласында АҚШ-пен ынтымақ.
тастық жөнінде нақты шаралар
жоспарын әзірлеу

7. Қазақстан Республикасы АҚШ-тың сауда және даму жөніндегі

Үкіметі мен Америка Құрама Агенттігімен тау-кен металлургия
Штаттары арасындағы бірлескен және мұнай кешендері, ауылшаруа.
жобалар үшін ТЭН-ді шылығы, қорғаныс өнеркәсібі
қаржыландыру жөніндегі конверсиясы салаларында оларды
мәлімдеме Агенттік қаржыландыруы үшін
басым жобалардың тізбесін
дайындау және келісу

8. Қазақстан Республикасының АҚШ-тың Сауда министрлігі мен Өнеркісіп және сауда минис. Қазақстан Республикасының трлігі мен Америка Құрама министріктері және ведомсвто. Штаттарының сауда министрлігі лары арасында іскерлік және арасында іскерлік ақпарат нарық ақпаратын, қызметтерді және нарық ақпаратын алмасу дамыту саласындағы ынтымақтастық саласындағы қызметтерді жөніндегі ұсыныстарды дайындап, дамытудағы қарым-қатынас американ жағымен келісіу мәселелері бойынша өзара түсіністік туралы меморандум

9. Мұнайгаз секторын қалпына Мұнай газ жөніндегі қосалқы келтіру, жаңғырту және комитеттің Қазақстандық жеделдете дамыту саласында бөлігінің құрамын және қосалқы

Қазақстанмен ынтымақастық комитеттің алғашқы мәжілісіне
жөнінде өзара түсіністік Қазақстан жағынан шығарылатын
туралы меморандум мәселелердің тізбесін белгілеу,
Қосалқы комитеттің өткізілу
мерзімі мен алғашқы мәжілісінің
күн тәртібін америка жағымен
келісу

10. Қазақстан Республикасы мен Саудадағы техникалық кедергі.
Америка Құрама Штаттары лерді жою мақсатында стандарттау
арасындағы стандарттау және және метрология саласында
метрология саласында екіжақты ынтымақастық бағдарламасы
техникалық ынтымақастық бойынша, сондай-ақ, осы саладағы
мәселелері жөнінде ниет өзара түсіністік Меморандумының
білдіру туралы хат жобасы бойынша ұсыныстарды
пысықтау және енгізу

Орындалу мерзімі | Орындалуға жауаптылар

1. 1995 жылдың шілдесі Өнеркәсіпсаудамині, Экономмині,

Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден

комитеті, Министрлер Кабинеті
жанындағы Шетел капиталын пайдалану
жөніндегі комитет

1995 жылдың шілдесі Өнеркәсіпсаудамині, Министрлер

Кабинеті жанындағы Кеден комитеті

1995 жылдың тамызы Өнеркәсіпсаудамині, Экономмині,
Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден
комитеті

1995 жылдың тамызы Қазақстан Республикасы Премьер-
министрі бірінші орынбасарының
1995 жылғы 15 мамырдағы N 7-37
өкімімен ұйымдастырылған
ведомствотаралық сарапшылар тобы

1995 жылдың IV тоқсаны Қаржымині, Сыртқы ісмині

1995 жылдың шілдесі Қаржымині Ұлттық Банк, Министрлер

Кабинеті жанындағы шетел капиталын

пайдалану жөніндегі комитет

1995 жылдың шілдесі Ғылыммині, Сыртқыісмині, Қазақстан

Республикасы ҰҒА-сы

1995 жылдың шілдесі Ауылшармині, Экономмині,
Мемстаткомитеті, Өнеркәсіпсаудамині

Тұрақты түрде Баспасөзмині, Сыртқыісмині, ҚАА,

Премьер-министрдің Баспасөз қызметі

2. Ғылыммині, Экобиоресурсмині,
Қазгидромет, Министрлер Кабинеті
жанындағы Су ресурстары жөніндегі
комитет, Орман шаруашылығы жөніндегі
комитет, Денсаулықмині

Өзірлігінің жайына Экобиоресурсмині, Ғылыммині,
қарай 1995 жыдың Денсаулықмині, Қаржымині,
IV тоқсаны Өнеркәсіпсаудамині

Өзірлігінің жайына қарай Экобиоресурсмині, Ғылыммині,
1995 жылдың IV тоқсаны Денсаулықмині, Қаржымині,
Өнеркәсіпсаудамині, Облыстық
әкімшіліктер

3. 1995 жылдың тамызы Экобиоресурсмині, Біліммині

1995 жылдың тамызы Біліммині, Экобиоресурсмині,
Қаржымині

4. Тұрақты түрде Сыртқыісмині

1995 жылдың шілдесі Қаржымині, Министрлер Кабинеті
жанындағы Қорғаныс өнеркісібі
жөніндегі комитет, Өнеркісіпсаудамині

1995 жылдың шілдесі Қорғанысмині, Сыртқыісмині

1995 жылдың шілдесі Атом энергиясы жөніндегі комитет,
"КАТЭП" ҰАҚ, Энергомині

5. 1995 жылдың шілдесі Әділетмині, Ішкіісмині, ҰҚК,
Қорғанысмині, Сыртқыісмині

6. 1995 жылдың шілдесі Экономмині, Өнеркәсіпсаудамині,
Сыртқыісмині, Мұнайгазөнеркәсіпмині,

Энергомині, Көліккоммині

1995 жылдың шілдесі Көліккоммині, "Қазақтелеком" УАҚ

1995 жылдың тамызы Қазақстан Республикасы ҰҒА-сы,

Ғылыммині, Біліммині

1995 жылдың тамызы Өнеркәсіпсаудамині, Сыртқыісмині

1995 жылдың тамызы Қазгидромет

7. 1995 жылдың шілдесі Өнеркәсіпсаудамині,
Мұнайгазөнеркәсіпмині, Ауылшармині,
Қорғанысмині, Министрлер Кабинеті
жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі
жөніндегі комитет

8. 1995 жылдың шілдесі Өнеркісіпсаудамині, Әділетмині,
Мемстаткомы

9. 1995 жылдың шілдесі Мұнайгазмині, Сыртқыісмині

10. 1995 жылдың шілдесі Қазақстан Республикасының
Стандарттау, метрология және
сертификаттау жөніндегі мемлекеттік
комитеті, Сыртқыісмині